


Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ

БЕКІТЕМІН

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу
университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректор
_____ Тиреуов Қ.М.



2025 ж. № 18 хаттама

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D04103 «Халықаралық стандарттарға сәйкес есеп және аудит»





Білім беру саласының жіктеуі мен коды: 8D04 Бизнес, басқару және құқық

Даярлау бағыттарының жіктеуі мен коды: 8D041 Бизнес және басқару


Білім берудің халықаралық стандартты жіктеу коды: 0410

Берілетін дәреже: «8D04103 - Халықаралық стандарттарға сәйкес есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы/PhD

Академиялық комитет:

№	ТАЖ	Ғылыми дәрежесі, атағы	Лауазымы	Жұмыс орны	Қолы
1	Байдаков А.К.	э.ғ.к., профессор	«Есеп және қаржы» кафедрасының профессоры м.а., комитет төрағасы	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	
2	Спатаева С.Б.	PhD	«Есеп және қаржы» кафедрасының аға оқытушысы	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	
3	Шайкенова Н.Т.	PhD	«Есеп және қаржы» кафедрасының қауымд. профессоры	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	
4	Есетов О. О.	э.ғ.м.	Ішкі аудит қызметінің жетекшісі	«КЕГОС» АҚ	
5	Алиева В. И.	ф.ғ.к.	Басқарма төрайымы	«Кәсіби бухгалтерлер Лигасы» БКҰ	
6	Кулекешова А.Б.	э.ғ.м.	«Есеп және қаржы» кафедрасының аға оқытушысы, БББ 2020 ж. түлегі	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	
7	Бекбосынова Л.Ж.	э.ғ.м.	8D04103 «Халықаралық стандарттарға сәйкес есеп және аудит» БББ 1 курс докторанты	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	

Білім беру бағдарламасы жұмыс беруші өкілдерімен келісілген:

№	ТАЖ	Қызметі	Жұмыс орны	Қолы мен мөрі
1	Алиева В.И.	Басқарма Төрағасы	БКҰ «Кәсіби бухгалтерлер лигасы»	

Академиялық комитет «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректордың 12.12.2024 ж. №1.8.1-3/435-н бұйрығымен бекітілген.

8D04103 -«Халықаралық стандарттарға сәйкес есеп және аудит»:

«Есеп және қаржы» кафедрасының отырысында талқыланған, «03» 03 2025 ж. № 8 хаттама.

Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің отырысында талқыланған, «05» 03 2025 ж. № 8 хаттама.

Университеттің Академиялық Кеңесінің отырысында талқыланған, «19» 03 2025 ж. № 7 хаттама.

БББ төлқұжатын жаңарту күні: «24» шілде 2025 ж.

Мазмұны

№	Бөлімшелер атауы	
1.	Нормативтік сілтемелер	5
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты	6
3.	Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	8
4.	Түлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)	9
5.	Кәсіби практикаларды өту базасы	12
6.	Білім беру бағдарламасының құрылымы	14
7.	Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелері қалыптастырылатын қолжетімділік матрицасы	15

1. Нормативтік сілтемелер

БББ әзірлеу барысында келесідей нормативтік құқықтық актілерге сілтемелер жасалды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі;
3. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары" (бұдан әрі – МЖМБС);
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары";
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы қызметінің үлгілік қағидалары";
7. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі";
8. "Қашықтықтан оқыту бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;
9. Еуропалық аударым және жинақтау жүйесін (ECTS) пайдалану жөніндегі Нұсқаулық;
10. Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары;
11. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық;
12. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және одан шығару негіздері";
13. «Бухгалтер» кәсіби стандарты, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1340 бұйрығымен бекітілген;
14. «Қаржы-экономикалық қызмет саласы: есеп, аудит және салық салу» салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы кәсіби біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің 2024 жылғы 8 қарашадағы №4 хаттамасымен бекітілген;
15. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы)» кәсіби стандарты, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген.

2. Білім беру бағдарламасының паспорты

2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты

Білім беру бағдарламасының мақсаты – халықаралық стандарттарға сәйкес бухгалтерлік есеп пен аудиттің мәні мен әдіснамасы туралы теориялық білімдер мен тәжірибелік біліктерді меңгерген философия докторларын/ PhD дайындау болып саналады.

8D04103 «Халықаралық стандарттарға сәйкес есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы/PhD даярлау бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытқа ие және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі мен ғылыми сала үшін бухгалтерлік есеп және аудит бойынша іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу даярлығын және пәндерді тереңдетіп оқытуды көздейді.

8D04103 «Халықаралық стандарттарға сәйкес есеп және аудит» білім беру бағдарламасы жаңа кезеңнің бағдарламасы болып саналады және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып ҚР Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірленген. Білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында келесі құжаттардың талаптары ескерілді: «Бухгалтер» кәсіби стандарты (КС) (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1340 бұйрығы); «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы)» кәсіби стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген); «Қаржы-экономикалық қызмет саласы: есеп, аудит және салық салу» салалық біліктілік шеңбері (СБШ) (2024 жылғы 8 қарашадағы Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы кәсіби біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің №4 хаттамасы); Бухгалтерлердің халықаралық федерациясының IES 2 «Кәсіби бухгалтерлік білім беру бағдарламаларының мазмұны» Халықаралық білім стандарты мен Сертификатталған кәсіби бухгалтерлердің ассоциациясының ACCA (*Association of Chartered Certified Accountant*) Бағдарламасының талаптары.

Білім беру бағдарламасын игерген түлектердің кәсіби қызметіне сәйкес келетін КС мен СБШ тізімі

N	СБШ, КС атауы, бекітілу мерзімі	Ұсынылатын лауазым атаулары
1	«Қаржы-экономикалық қызмет саласы: есеп, аудит және салық салу» салалық біліктілік шеңбері (СБШ), 2024 жылғы 8 қарашадағы №4 хаттама (СБШ 8 деңгейі)	Қаржы директоры
2	«Бухгалтер» кәсіби стандарты (КС) 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1340 бұйрық (СБШ 8 деңгейі)	Қаржы директоры (Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: Экономика жөніндегі директор; Бас аудитор; Қаржы талдаушысы; Қаржы директоры)
3	«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы)» кәсіби стандарты (КС) 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрық (СБШ 8 деңгейі)	1) Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, профессордың ассистенті; 2) Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, қауымдастырылған профессор (доцент); 3) Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, қауымдастырылған профессор (доцент), профессор; 4) Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, профессор.

2.2 Оқыту нәтижелері

«Бухгалтер» кәсіби стандартына сәйкес, аталған кәсіпке тән еңбек функциялары келесілерді қамтиды:

Міндетті еңбек функциялары:

1. Компанияның қаржылық менеджментіне экономикалық ортаның әсерін бағалау және талдау;
2. Қаржылық деректерді қаржылық талдау және жоспарлау, қаржылық стратегияны әзірлеу және оны іске асыру.

Қосымша еңбек функциялары:

1. Зерттеу саласында жүйелі түсінікті, осы салада пайдаланылатын іскерлік пен зерттеу әдістері бөлігінде шеберлікті көрсетеді.

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы)» кәсіби стандартына сәйкес, аталған кәсіпке тән еңбек функциялары келесілерді қамтиды:

Міндетті еңбек функциялары:

1. Оқыту.
2. Ғылыми зерттеулер жүргізу.
3. Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру.
4. Білім алушы жастарды әлеуметтендіру.

Қосымша еңбек функциялары:

1. Зерттеу саласында жүйелі түсінікті, осы салада пайдаланылатын іскерлік пен зерттеу әдістері бөлігінде шеберлікті көрсетеді.

1. ЖЖОКБҰ стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл.

Осы бағдарламаны сәтті меңгергеннен кейін түлектер келесідей құзыреттіліктерді (нәтижелерді) көрсете алады:

ON 1. Түрлі меншік нысанындағы ұйымдардың қызметіне бухгалтерлік есеп, аудит пен талдау облысындағы ғылыми жетістіктерді жобалау, ендіру және бейімдеу.

ON 2. Ғылыми зерттеулердің бағдарламасын дайындау және бағдарламаны сәйкес өз бетінше жүзеге асыру, жүргізілген зерттеулер нәтижесін ғылыми қоғамдастыққа ұсыну.

ON 3. Бухгалтерлер мен аудиторлардың этикасының қағидаларын сақтай отырып бухгалтерлік есеп пен аудит облысындағы эксперттік және консалтингтік қызметті жүзеге асыру.

ON 4. Жоғары білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру.

ON 5. Есеп пен аудит облысындағы ғылыми жетістіктерді талдау мен сыни бағалау, ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметте жаңа ойларды жинақтау.

ON 6. Ғылыми зерттеулер мен жаңа ойларды жүзеге асыру негізінде өзін-өзі дамыту.

3. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

Қазіргі экономика мен ғылымның дамуы берік білімге негізделген, бұл PhD дәрежесінің иегерлерін еңбек нарығында өте сұранысқа ие етеді. 8D04103 "Халықаралық стандарттарға сәйкес есеп және аудит" білім беру бағдарламасының түлектері - бұл елдің ғылыми және бизнес-элитасының өкілдері, еңбектері кәсіпорындарды, экономика секторларын және жалпы қоғамды дамытудың катализаторы болып табылатын мамандар.

PhD бағдарламасы инновациялық білім беру ортасында оқытуды және Қазақстанның ғылымы мен білімінің озық дамуына үлес қоса алатын болашақ ғалымдардың кәсіби-зерттеу құзыреттерін игеруді көздейді.

Осы бағдарлама бойынша докторанттарды оқыту ЖОО педагогикасы мен психологиясы, ЖОО-да оқыту әдістемесі, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу дағдылары, сондай-ақ бухгалтерлік есеп және аудит саласында кәсіби білімі бар ғылыми, педагогикалық және кәсіби қызмет үшін білікті кадрларды даярлауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасын іске асыру шеңберінде бухгалтерлік есеп, аудит және салықтық жоспарлау саласында белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Білім беру процесіне заманауи ғылыми әзірлемелерді енгізу өзінің кәсіби қызметі барысында жаңа білімді игеруге және қалыптастыруға қабілетті мамандарды дайындауға мүмкіндік береді.

Докторанттар ҚАТЗУ кітапханалық ресурстары мен дерекқорларын пайдалануға, ғылыми жобаларға, ғылыми семинарларға, конференцияларға және өзге де ұжымдық талқылауларға қатысуға, ғылыми міндеттерді шешуге және жетекші мамандардың басшылығымен ғылыми зерттеулер жүргізуге, журналдар мен басылымдарға ғылыми жарияланымдар дайындауға мүмкіндігі бар.

Бағдарлама түлектері теориялық және практикалық материалды педагогикалық, ғылыми-зерттеу, есепке алу-талдау және аудиторлық сала қызметінің нақты және перспективалық практикасына бейімдеумен байланысты жүйелі білімді, дағдылар мен дағдыларды меңгереді. PhD докторы дипломына ие бола отырып, түлектер: жоғары білім беру жүйесінің мекемелерінде, ҒЗИ-да жұмыс істей алады, әртүрлі салалар мен меншік нысандары ұйымдарының бухгалтерлік, қаржы-экономикалық және талдау қызметтерінде, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарында басшылар, басшының орынбасарлары, бөлім бастықтары, жоғары санатты мамандар болып жұмыс істей алады.

Бағдарламаны іске асыруға экономика бойынша ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын және жетекші отандық және шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда, оның ішінде Q1 және Q2 Scopus және WoS деңгейлерінде жарияланымдары бар ғылым кандидаты немесе докторы дәрежесі бар оқытушылар қатысады. Докторантура оқытушылары экономикалық қоғамдастықта жоғары беделге ие, халықаралық конференциялардың қатысушылары, ғылыми зерттеулер жүргізетін, зерттеу және тәжірибеге бағытталған жобаларды орындайтын тұлғалар.

4. Түлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)

4.1 Кәсіби қызмет аясы

Докторантура бағдарламасын меңгерген түлектер ғылыми-зерттеу, ғылыми-педагогикалық, ұйымдастыру-басқарушылық, жобалау-экономикалық және аналитикалық қызметпен айналыса алады.

Кәсіби қызмет аясы

1. Білім және ғылым саласындағы мамандар: Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, профессордың ассистенті; Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, қауымдастырылған профессор (доцент); Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, қауымдастырылған профессор (доцент), профессор; Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, профессор; аға ғылыми қызметкер, оқытушы-зерттеуші.

2. Бизнес және әкімшілендіру саласындағы мамандар: Қаржы директоры (Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: Экономика жөніндегі директор; Бас аудитор; Қаржы талдаушысы; Қаржы директоры).

Кәсіби құзыреттерге қойылатын талаптар:

Дербестік: Мемлекеттік ауқымдағы саланың ірі институционалдық құрылымдарының жұмыс істеуі мен даму стратегиясын құруды көздейтін басқару қызметі.

Жауапкершілік: Перспективалық жылдық жоспарлау бойынша шешімдер қабылдағаны, қызмет процестерін әзірлегені және нәтижелері үшін, коммерциялық келіссөздер жүргізгені үшін; қойылған мақсаттарға сәйкес компанияның қажеттіліктерін айқындағаны үшін.

Күрделілігі: күрделі әлеуметтік, өндірістік және ғылыми процестердің дамуымен және тиімділігін арттырумен байланысты әдіснамалық, зерттеу және жобалық сипаттағы мәселелерді шешу.

Дағдылар мен біліктерге қойылатын талаптар:

Міндеттер мен мәселелерді шешуге жауапты. Зерттеу саласын жүйелі түсінуді, осы салада қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін меңгеруді көрсетеді. Ғылыми зерттеулердің кешенді процесін жоспарлайды, әзірлейді, іске асырады және түзетеді. Ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайық болуы мүмкін ғылыми саланың шекараларын кеңейтуге өзінің түпнұсқа зерттеулерімен үлес қосады. Жаңа және күрделі идеяларды сыни тұрғыдан талдайды, бағалайды және синтездейді. Өз білімі мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және жалпы жұртшылыққа жеткізеді. Білімге негізделген қоғамның дамуына ықпал етеді.

Кәсіпорын қызметінің стратегиясын әзірлеу дағдыларын, өзгерістер мен болжамсыздықты, ұзақ мерзімді және көп еңбекті қажет ететін міндеттерді жеңе білу, гетерогенді ақпаратты талдау, тәуекелдерді өлшеу, мотивацияны жоғалтпай және сапаға нұқсан келтірместен көрсетеді. Әр түрлі деңгейдегі командаларды құра және дамыта алады. Идеяларды қалыптастыру, инновациялық қызметтің нәтижелерін болжау, кәсіби және әлеуметтік салада кең ауқымды өзгерістерді жүзеге асыру, күрделі өндірістік және ғылыми процестерді басқару қабілеті.

Кәсіби және әлеуметтік саладағы ауқымды өзгерістерді жүзеге асыру және күрделі өндірістік және ғылыми процестерге басшылық жасау.

Білімге қойылатын талаптар:

Кәсіби қызмет саласын, сондай-ақ Қаржы, халықаралық нарықтарды ең терең және толық білу. ҚР қолданыстағы заңнамасын білу. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын білу; оны орындау процесінде Еңбек мәні және тиісті атқарушылық іс-қимылдар циклі туралы білім.

Стратегияны, процестер мен қызметті басқаруды (оның ішінде инновациялық), ірі институционалдық құрылымдар деңгейінде қызметті ұйымдастыруды білу.

Кәсіби қызмет саласындағы ең озық деңгейдегі білім. Ғылымның алдыңғы қатарында тұрған жаңа күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу үшін арнайы білімді қолданады.

Цифрлық сауаттылық: жетілдірілген пайдаланушы.

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:

Бизнесті түсіну;

Дербестік және жауапкершілік;

Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл;

Стратегиялық ойлау;
Тез шешім қабылдай білу;
Командада жұмыс істей білу;
Өзгерістерді басқару;
Аналитикалық ойлау;
Ауызекі сөйлеу дағдылары;
Ақпаратты іздеу және талдау;
Оқу және өзін-өзі оқыту қабілеті;
Бастамашылық;
Көшбасшылық;
Көп мәселелік;
Кең және терең білім;
Дағдылар және жоғары дәрежеде меңгерілген кәсіби құндылықтар;
Міндеттерді шешуге жауапты болу.

4.2 Кәсіби қызмет бағыттары

педагогикалық қызмет: білім беру саласында оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру; білім беру ортасының қолда бар мүмкіндіктерін пайдалану және білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін жаңа жағдайларды, оның ішінде ақпараттық жағдайларды жобалау; Жоғары білім беру, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру білім беру ұйымдарында экономикалық пәндерді оқыту; өзін-өзі кәсіптік тәрбиелеуді және жеке өсуді жүзеге асыру, одан әрі білім алу мен кәсіби мансапты жобалау;

әдістемелік қызмет: инновациялық технологияларды пайдалана отырып, педагогтерді әдістемелік сүйемелдеуді зерттеу, жобалау, ұйымдастыру және іске асыруды бағалау; әріптестермен және әлеуметтік әріптестермен, оның ішінде шетелдік әріптестермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру, өзекті ғылыми-әдістемелік міндеттерді шешу кезінде жаңа әріптестерді іздеу; білім беру және әлеуметтік ортаның қолда бар мүмкіндіктерін пайдалану және жаңа ортаны, оның ішінде ақпараттық орталарды жобалау, педагогтердің қызметін әдістемелік қолдауды дамытуды қамтамасыз ету;

аналитикалық және ғылыми-зерттеу: алынған тапсырма бойынша ақпаратты іздеу, нақты экономикалық есептеулер жүргізу үшін қажетті деректерді жинау және талдау; қойылған міндетке сәйкес экономикалық деректер массивтерін өңдеу, алынған нәтижелерді талдау, бағалау, түсіндіру және қорытындыларды негіздеу; зерттелетін процестердің, құбылыстар мен объектілердің стандартты теориялық және эконометрикалық модельдерін құру, алынған нәтижелерді талдау және түсіндіру; Қазақстанда да, шетелде де микро - және макро - деңгейде әлеуметтік - экономикалық процестер мен құбылыстарды сипаттайтын көрсеткіштерді талдау және түсіндіру; ақпараттық шолулар, талдамалық есептер дайындау; статистикалық зерттеулер, сауалнамалар, сауалнамалар жүргізу және олардың нәтижелерін бастапқы өңдеу; кәсіби қызмет саласындағы жобалық шешімдерді әзірлеу, әзірленген жобаларды іске асыру бойынша ұсыныстар мен іс-шараларды дайындау;

мәдени-ағарту қызметі: мәдени қажеттіліктерді зерделеу және қалыптастыру және халықтың әртүрлі топтарының мәдени - білім деңгейін арттыру; ғылыми білім мен мәдени дәстүрлерді дәріптеу мақсатында ағарту бағдарламаларын құру және оларды іске асыру; мәдени-ағарту міндеттерін шешу үшін қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ) пайдалану;

есептік-экономикалық қызмет: компания құнын барынша арттыруға бағытталған корпоративтік стратегия және жоспарлау; бюджеттік және басқарушылық бақылау; қаржыны басқару (ақша ағындары, дебиторлық және кредиторлық берешек, барлық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету, активтердің сақталуы және т. б.); компания басшылары мен мамандарын ақпараттық қамтамасыз ету; басқарушылық, бухгалтерлік және салықтық есепті ұйымдастыру және жүргізу; ішкі пайдалану үшін де, сыртқы тұтынушылар үшін де қаржылық және салықтық есептілікті уақтылы және сапалы жасау және ұсыну; жақын және алыс перспективаларға кәсіпорынның есеп және салық саясатын әзірлеуге белсенді қатысу;

кәсіпорынның шаруашылық қызметінің жай-күйін басқарушылық (қаржылық және өндірістік) талдау және оның тиімділігін арттыру үшін оның нәтижелерін пайдалану; ақшалай қаражаттардың қозғалысын оңтайлы ұйымдастыру; кәсіпорын қызметкерлерімен жеке еңбек шарттарының жобаларын және кәсіпорын жасасатын шаруашылық шарттарды бухгалтерлік сараптау; кәсіпорынның ақшалай қаражатының (меншікті және қарыз) дұрыс және заңды жұмсалуды бақылау; кәсіпорын басшылығының басқарушылық шешімдерін әзірлеуге және қабылдауға қатысу.

ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет: кәсіпорын қызметінің стратегиясын әзірлеу, басқарушылық шешімдердің нұсқаларын әзірлеуге қатысу, нақты жобаны іске асыру үшін құрылған жұмыс ұжымдары мен топтарын жедел басқару; басқаруды ұйымдастыру және экономикалық қызметтердің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша шешімдер дайындауға және қабылдауға қатысу. Кәсіби және әлеуметтік саладағы ауқымды өзгерістерді жүзеге асыру және күрделі өндірістік және ғылыми процестерге басшылық жасау.

4.3 Базалық (академиялық және әлеуметтік-тұлғалық) құзыреттіліктер

Осы білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде философия докторы /PhD келесі базалық құзыреттерге ие болуы керек:

қазіргі ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалау әдістері, сондай-ақ зерттеу және практикалық мәселелерді шешуде, соның ішінде пәнаралық салаларда жаңа идеяларды қалыптастыру әдістерін **білу**;

зерттеу және практикалық есептерді шешудің балама нұсқаларын талдау және осы нұсқаларды іске асырудағы ықтимал жеңістерді/жоғалтуларды бағалай **алу**; зерттеу және практикалық мәселелерді шешуде, соның ішінде пәнаралық салаларда туындайтын әдіснамалық мәселелерді талдау дағдыларын **меңгеруі тиісті**.

Осы бағдарламаны сәтті меңгергеннен кейін түлектер келесідей құзыреттіліктерді (нәтижелерді) көрсете алады:

1. Есеп пен аудит облысындағы ғылыми жетістіктерді сыни талдау мен бағалау, ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметте жаңа ойларды жинақтау қабілеттілігі.

2. Ғылыми зерттеулердің бағдарламасын дайындау және бағдарламаны сәйкес өз бетінше жүзеге асыру, жүргізілген зерттеулер нәтижесін ғылыми қоғамдастыққа мультимедиялық құралдарды қолдана отырып халықаралық баспа беттеріндегі мақала, диссертация, баяндама немесе презентация түрінде ұсыну қабілеттілігі.

3. Кәсіби қызметтің этикалық нормаларын сақтай отырып жоғары білім беру жүйесінде оқытушылық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру қабілеттілігі.

4.4 Кәсіби құзыреттіліктер

Осы бағдарламаны сәтті меңгергеннен кейін түлектер келесідей кәсіби құзыреттіліктерді (нәтижелерді) көрсете алады:

1. Түрлі меншік нысанындағы ұйымдардың қызметіне бухгалтерлік есеп, аудит пен талдау облысындағы ғылыми жетістіктерді жобалау, ендіру және бейімдеу қабілеттілігі.

2. Бухгалтерлер мен аудиторлардың этикасының қағидаларын сақтай отырып бухгалтерлік есеп пен аудит облысындағы expertтік және консалтингтік қызметті жүзеге асыру қабілеттілігі.

3. Ғылыми зерттеулер мен жаңа ойларды жүзеге асыру негізінде өзін-өзі дамытуға, тұлға ретінде өсуге, бастамашылық іс-әрекеттерге бару мен жетекшілік қасиеттерін қалыптастыру қабілеттілігі.

5. Кәсіби практикаларды өту базасы

Ғылыми-педагогикалық докторантураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілуі мүмкін практиканың екі түрін қамтиды:

- 1) Базалық пәндер циклінде педагогикалық практика – ЖОО-да;
- 2) Бейіндеуші пәндер циклінде зерттеу практикасы – диссертация орындалатын жерде.

Педагогикалық практика білім беру бағдарламасын игеру кезінде алынған теориялық білім мен осы білімді нақты оқу процесіне енгізу бойынша практикалық іс-әрекет арасындағы байланыс функциясын қамтамасыз етуге арналған.

Докторанттың педагогикалық практикасының мақсаттары:

- жоғары оқу орындарында оқу-әдістемелік жұмыс негіздерін зерделеу, әртүрлі пәндер бойынша оқу сабақтарын өткізудің педагогикалық дағдыларын меңгеру; – докторантта кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, кәсіби педагогика саласында психологиялық-педагогикалық білімді бекіту;

- докторанттың негізгі білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызметке дайындығын даярлау бейініне сәйкес және инновациялық білім беру технологияларын пайдалана отырып қалыптастыру;

- жоғары мектепте педагогикалық еңбекке деген ынтаны нығайту;

- білім беру процесінің жекелеген компоненттерін жобалау, әртүрлі білім беру жүйелерін сынақтан өткізу, білім берудің инновациялық технологияларын жүзеге асыру.

Докторанттардың педагогикалық тәжірибесін өткізудің негізгі орны Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің "Есеп және қаржы" кафедрасы болып табылады. Практика кезеңінде докторанттар бакалавриат пен магистратурада сабақ өткізуге тартылады.

Зерттеу практикасы оқу жоспарының құрамдас бөлігі болып табылады және докторанттарды дербес зерттеу қызметіне дайындауға, ұжымның ғылыми –зерттеу жұмысына практикалық қатысуға бағытталған.

Практиканың мазмұны теориялық оқыту блогының логикалық жалғасы болып табылады және ғылыми-зерттеу жұмысын орындауға және PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация жазуға, сондай-ақ кәсіптік білім беру саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады.

Докторанттың зерттеу практикасының мақсаты – отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ диссертациялық зерттеуде ғылыми зерттеулердің, эксперименттік деректерді өңдеудің және түсіндірудің заманауи әдістерін қолданудың практикалық дағдыларын бекіту болып табылады.

Зерттеу практикасының міндеттері:

- докторанттарда ғылыми-зерттеу қызметі, ғылыми зерттеушінің жеке-кәсіби қасиеттері, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазу үшін қажетті ғылыми-зерттеу дағдылары, ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылық туралы тұтас түсінік қалыптастыру;

- нақты ғылыми міндеттерді шешу үшін оларды қолдану процесінде теориялық білімді тереңдету және бекіту;

- докторанттарда теориялық дайындық процесінде алынған ғылыми талдау дағдыларын зерттеу дағдыларын практикалық қолданудың тұрақты дағдыларын қалыптастыру;

- экономиканың нақты секторындағы ғылыми-зерттеу қызметінің әдістерін, тәсілдері мен технологияларын зерделеу, заманауи ақпараттық технологияларды қолдана білу;

- заманауи редакциялау және басып шығару құралдарын тарта отырып, қолда бар талаптарға сәйкес ресімделген есептер, эсселер, мақалалар түрінде атқарылған жұмыстың қорытындыларын ұсыну қабілетін қалыптастыру.

Білім алушыларды тәжірибелік дайындау үшін кафедрада практиканың барлық түрлеріне әдістемелік нұсқаулықтар дайындалған, әртүрлі меншік нысанындағы жетекші кәсіпорындармен белсенді ынтымақтастық орнатылған: «Ұлттық басқарушы холдинг «ҚазАгро» АҚ, «Кәсіпкерлікті дамыту қоры «ДАМУ» АҚ, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылым Комитетінің экономика Институты, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ және т.б.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және дайындық бағыттары бойынша тиісті жағдайлар жасау үшін кафедрада аграрлық дамудың экономикалық проблемалары орталығы (АДЭПО/ЦЭПАР) жұмыс істейді. Ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру үшін докторанттар экономикалық проблемалар орталығының материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік базасын: әдістемелік кабинетті, статистикалық және талдамалық деректер базасын, мамандандырылған бағдарламалар белгіленген компьютерлік сыныпты: Project Expert - бизнес-жоспар әзірлеуге және инвестициялық жобаларды бағалауға арналған бағдарлама; Audit Expert – кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау үшін бағдарлама пайдалануға мүмкіндік алады; SPSS – статистикалық талдауға арналған бағдарламалар пакеті; MATLAB–өндірістік-экономикалық процестерді басқару бойынша шешімдерді модельдеу және оңтайландыру үшін.

6. Білім беру бағдарламасының құрылымы

№	Пәндер мен циклдердің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық сағат бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	1350	45
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	450	25
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):	300	15
	Академиялық хат	150	5
	Ғылыми зерттеулер әдістері	150	5
	Бухгалтерлік есеп теориясы мен әдіснамасы	150	5
2)	Таңдау компоненті (ТК)	-	-
3)	Педагогикалық практика	300	10
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	600	20
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):	150	5
	Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау әдістемесі мен тәжірибесі	150	5
2)	Таңдау компоненті (ТК)	150	5
	Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті	150	5
	Стратегиялық талдау және есеп		
3)	Зерттеу практикасы	300	10
2	Ғылыми-зерттеу жұмысы	3690	123
1)	Тағылымдамадан өту мен докторлық диссертацияны орындауды қамтитын ДҒЗЖ	3690	123
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	360	12
1)	Докторлық диссертацияны орындау және қорғау	360	12
	Барлығы	5400	180

7. Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын қолжетімділік матрицасы

№	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтары)					
				1	2	3	4	5	6
Базалық пәндер циклы Жоғары оқу орны компоненті (15 кредит)									
1	Академиялық хат	Жазуға дайындық әдістерін қолдану (еркін жазу, миға шабуыл), жоспар құру. Эссе құрастырудың негіздері. Ғылыми мәтіндермен жұмыс: шолу (реферирование). Ғылыми мәтіндермен жұмыс: аннотациялау. Библиография негіздері: сілтемелер, сипаттама. Ғылыми басылымға сын-пікір беру. Ғылыми мақала резюмесін дайындау. Академиялық мәтінді түзету. Өз жобаңыздың презентациясын жасау.	5				v	v	
2	Ғылыми зерттеулер әдістері	Ғылыми зерттеулердің іргелік негіздері. Әдебиеттерге шолу және сыни талдау. Зерттеудің териялық базасы және гипотезалар. Экономикалық және бизнес зерттеулердегі үлгілеу. Экспериментальды экономикадағы деректерді жинау мен талдау әдістері. Сандық және сапалық деректерді талдаудың бағдарламалық қамтамасыз етілуі. Ғылыми зерттеудің бағдарламасын дайындау. Зерттеу нәтижелерін диссертация мен ғылыми мақалаларда ұсыну.	5		v		v	v	v
3	Бухгалтерлік есеп теориясы мен әдіснамасы	Есеп әдіснамасын зерттеу, есеп ғылымының әдіснамасының анықтамалары. Бухгалтерлік есеп теориясының негізгі функциялары. Заманауи бухгалтерлік есеп: анықтамасы, анықтамалар, құрылымы мен міндеттері. Бухгалтерлік есептің негізгі процедуралары, оның ерекшеліктері мен қарама-қайшылықтары. Қазіргі бухгалтерлік есеп – дифференциалды жүйе ретінде. Бухгалтерлік есеп теориясы мен әдіснамасының дамуындағы институционалды бағыт. Бухгалтерлік мектептің дамуының негізгі бағыттарының сипаттамасы.	5	v	v			v	
Бейіндік пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті (5 кредит)									
4	Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау әдістемесі мен тәжірибесі	Шоғырландырылған қаржылық есептілікті 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілікті» ҚЕХС (IFRS) сәйкес ұсыну мен дайындаудың қағидалары. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті	5	v		v			

		дайындаудың кезектілігі. Қаржылық есептілікті шоғырландыру әдістері. Еншілес компанияларды шоғырландыру. Қауымдастырылған (ассоциацияланған) және бірлесе бақыланатын компанияларды шоғырландыру. Шоғырландырылған есептілікті қалыптастыруды автоматтандыру. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті есептілікті ұсыну. Шоғырландырылған есептілікті талдау әдістемесі.							
Бейіндік пәндер циклі Тандау компоненті (5 кредит)									
5	Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті	Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің ақпарат көздері. Шоғырландыру объектісін таңдау дұрыстығы және тексеру толықтығы. Қаржы есептілігін жасау кезінде есеп саясатының бірлігін тексеру. Азшылық үлесін есептеу дұрыстығын тексеру. Элиминациялау объектілерінің толықтығы мен дұрыстығын тексеру. Көрсеткіштерді түрлендіру дұрыстығын тексеру. Қаржылық есептілікте бұрмалау болудың тәуекел факторлары. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті тексеру кезінде ақпараттық жүйелерді пайдалану.	5	v		v			
6	Стратегиялық талдау және есеп	Стратегиялық басқару мектептері. Негізгі құзыреттіліктер. Құндылықтар тізбесі. Ішкі талдау: персонал құзыреттіліктері. Адами ресурстар және мәдениет. Ресурстық талдау. Сыртқы талдау және бәсекелестік ортаны талдау. Балансталған көрсеткіштер жүйесі – стратегиялық басқару құралы ретінде.	5	v		v			